

«І. ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ - РЕКТОР ЕРМЕК БӨРІБАЕВ 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОБЛЫС ТҮРҒЫНДАРЫ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ. ЕСЕПТІК КЕЗДЕСУГЕ ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ, ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҰЖЫМЫ ҚАТЫСТЫ.

де айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі IQAA Ranking (НАОКО) жүргізген 2025 жылғы институционалдық рейтинг нәтижелері бойынша ЖУ көпсалалы ЖОО арасында үздік үштікке енді. «Атамекен» ҰКП рейтингі бойынша 10 білім беру бағдарламасы үздік ондыққа еңсе, UI GreenMetric, QS Asia, Times Higher



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 2024–2025 оқу жылында білім беру, ғылым және халықаралық ынтымақтастық бағыттарында тұрақты дамуын көрсетті. Университетте 800-ден астам профессор-оқытушы еңбек етеді, олардың 51 пайызы ғылыми

Education рейтингтерінде позициясы жақсарды.

ЖУ 85-тен астам шетелдік университеттермен ынтымақтастық орнатқан. Серіктес ЖОО ішінде 15 университет халықаралық рейтингтерде ТОП 1000-ға кіреді.



стар мен академиялық ұтқырлық бағдарламалары университеттің бәсекеге қабілеттілігін нығайта түсті.

Университетте қос дипломды білім беру бағдарламалары жүзеге асырылып келеді. Бұл бағдарламалар аясында студенттер Алтай мемлекеттік, Пшасныш Лингвистика-техникалық, Поморск және Жилина университеттерінде магистратура бойынша, ал Марке университетінде бакалавриат бойынша білім алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде шетелдік жетекші университеттердің филиалдары ашылып, осы бағытта Ғылым және жоғары білім министрлігі жүйелі жұмыс

бағыттарында кешенді жұмыстар атқаруда.

Жастардың азаматтық белсенділігін арттыру – университеттің басты басымдықтарының бірі. 2023–2025 жылдары жастар ұйымдары, волонтерлік қозғалыстар, спорттық және зияткерлік іс-шаралар саны едәуір өсті. Университет жастары облыстық, республикалық және халықаралық деңгейде чемпион атанды.

Инфрақұрылымды дамыту бағытында оқу корпустарында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, демеушілердің қолдауымен жаңа нысандар салынды. Атап айтқанда, KAINAR-AKB аккумулятор зауытының

## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



дәрежеге ие. Ғылым докторлары, PhD, ғылым кандидаттарының үлесі жыл сайын артып келеді.

Білім беру қызметі аясында 117 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылып, жасанды интеллект, тау және альпілік экология, экономика және басқару сынды жаңа бағыттар ашылды. Студенттер саны 2024 жылы 5809-ды, 2025 жылы 6401-ді құрады. Түлектердің жұмысқа орналасуы 89 пайызды көрсетті. Университет ұлттық және халықаралық рейтингтер-

Білім ордасының оқытушы-ғалымдары гранттық және бағдарламалы нысаналы қаржыландыру аясында бірнеше бағыт бойынша 3.5 миллиардтан астам теңгенің ғылыми жобасы мен бағдарламасын орындап жатыр. Ғылыми салада «Jas Galym» жобалары, гранттық қаржыландыру көлемінің өсуі, патенттер мен авторлық куәліктердің алынуы университеттің ғылыми әлеуетін арттырды. Заманауи зертханалар, халықаралық кампу-

атқарды. Соның нәтижесінде Жетісу университетінің жанынан Италияның Марке политехникалық университетінің филиалы ашылды.

Қазіргі уақытта филиалда 27 студент білім алып жатыр. Бағдарламаны табысты аяқтаған түлектерге Италияның Ауыл шаруашылығы ғылымдары мен технологиялары саласындағы бакалавр дипломы және Қазақстанның Ауыл шаруашылығы бакалавры дипломы беріледі.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті соңғы жылдары білім мен ғылымды дамытумен қатар, жастар саясаты мен әлеуметтік қолдау, инфрақұрылымды жаңғырту

демеушілігімен №3 оқу корпусындағы акт залы жаңғыртылуда, ал облыс әкімдігінің қолдауымен №2 оқу корпусы аумағы абаттандырылды.

2026 жылға арналған даму жоспарында ғылыми зерттеулерді кеңейту, инклюзивті орта қалыптастыру, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізу, халықаралық әріптестікті нығайту және студенттік өмір сапасын арттыру көзделген. Жоспарланған бағыттар бойынша жүргізілген жұмыстар университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік инфрақұрылым саласында тұрақты дамуға қол жеткізгенін көрсетті.





## ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ: ЖАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

орнатуға, олардың ішкі жан дүниесін сезінуге тырысамын. Бұл – менің мамандығымның ең әдемі жағы.

Педагог болу – сабыр мен мейірімділікті талап етеді. Кейде шаршайсың, кейде қиындық кездеседі, бірақ баланың көзіндегі сенім мен қуаныш бәрін ұмыттырады. Менің мақсатым – әр шәкіртімнің жүрегіне жарық нұр себу, олардың болашағына жол ашу.

Сол себепті мен өз мамандығымды мақтан тұтамын. Мен – педагогпын. Мен – бала жүрегіне жол таба алатын тәрбиешімін. Бұл менің өмірімнің мәні және ең үлкен бақытым.

ТОҚТАСЫН АЙЫМ



Педагог болу – бұл тек мамандық емес, бұл өмірдің өзіндік мәні, үлкен жауапкершілік және әр күн сайын қоғамның болашағын құруға өз үлесінді қосу. Мен үшін педагог болу – бұл тек балаларға білім беру ғана емес, олардың жүрегіне сенім, үміт және мақсат сіңіру. Білім беру саласы – ең қасиетті әрі маңызды сала, өйткені біз оқушыларға тек теориялық білімді емес, өмірлік тәжірибені де ұсынуымыз керек. Педагог болғандықтан, менің күнделікті міндетім – әр баланың қабілетін байқап, оны дамыту, әрбір оқушыға тұлға ретінде қарай отырып, олардың жетістіктеріне қуану.

Педагог ретінде мен үшін ең басты нәрсе – оқушылармен өзара түсіністік пен сенім орнату. Әр бала – бірегей, әрі оның мүмкіндіктері шексіз. Менің жұмысым – осы мүмкіндіктерді ашып, оларды дамытуға бағыттау. Педагог ретіндегі еңбек жолым бастауыш сыныптан басталды. Бастауыш сынып оқушыларының дүниетанымына әсер ету, олардың болашағына оң ықпал ету мен үшін үлкен жауапкершілік. Балаларды өз ісіне қызықтырып, әр сабақта жаңа білімге деген құштарлықты ояту – ең маңызды мақсатым. Білім беру жолында әрқашан жаңашылдыққа ұмтылу өте маңызды.

Өз сабақтарымда заманауи технологияларды, интерактивті құралдарды және ойын түрінде оқыту әдістерін пайдалану арқылы оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырамын. Сондай-ақ, педагог ретінде жұмысымның тағы бір маңызды аспектісі – балаларды жақсы адам болуға тәрбиелеу. Бұл жай ғана оқыту емес, оларды өмірде дұрыс таңдау жасауға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, әділ болуға, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйрету. Осылайша, педагог ретіндегі міндетімді тек білім беру саласында ғана емес, адамгершілік тәрбиесінде де іске асырамын.

Педагог болу – бұл үлкен жауапкершілік, бірақ сонымен қатар бақыт. Біз, педагогтар, қоғамның болашағын тәрбиелеп, оның негізін қалап жатырмыз.

САМАТҚЫЗЫ ГҮЛІМ

Ұстаз, мұғалім, педагог, ағартушы. Ұлттың ұлт болып қалыптасып тұруына бірден бір себепкер мұғалімдер.

Бұл асыл істің жолында жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру, тәрбиені, және оқытуды зерттейтін теориялық және практикалық ғылымдардың жиыны жатыр. Бір адам ол - тұлға, екі адам ол - қоғам. Мұғалім болу арқылы қоғамның қалыптасуы мен өзгеруіне және алға жылжуына әсер ете аламыз.

Әр адам өз міндет - мақсатын, өмірің, қызығушылықтарын таңдай білуі, адамгершілік пен гумандықты үйренуі, жақсы мен жаманды анықтауы барлығы мұғалімнің көмегімен жүзеге асады. Мұғалім мамандығы барлық мамандықтың анасы. Дәрігер, ақын, ғалым, ғылым бәрі мұғалімнен білім алған.

Ұлылардан үлгі алып олардың бастағанын жалғау арманым.

«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» - деп Ахмет атамның айтқан сөзіндей, осы істі өзіме жақын деп пайымдадым. Күш-жігерімді осы асыл іске құймақпын. Педагог жауапкершілігі жоғары мамандық, осы жолда тер төгуге дайынмын.

ТІЛЕУБЕКОВ АЛТЫНБЕК

Әр адамның жүрек қалауымен таңдаған мамандығы бар. Ал менің жүрегім қалаған мамандық – педагог-психолог. Бұл жолды мен саналы түрде таңдадым, өйткені мен үшін ең қымбат дүние – адам жанының тазалығы мен рухани саулығы. Педагог-психолог болу – бұл бала жүрегіне үңіле білу, оның ішкі әлемін сезіну және сенім ұялату.

Менің әр күнім балалармен тығыз байланысты. Олар – таза жүректі, шынайы эмоциялы, сезімтал жандар. Міндетім – сол баланың жан дүниесін түсініп, қиындықтарын бірге жеңуге көмектесу. Әр бала ерекше, әрқайсысының арманы мен уайымы бар. Ал мен сол әлемнің есігін ақырын қағып, баланың өзіне сенуіне мүмкіндік беремін.

Педагог-психолог – жай кеңес беруші емес, ол – бала мен әлем арасындағы көпір. Мен үшін ең үлкен жетістік – баланың жүзіне күлкі ұялап, өзіне деген сенімі артқан сәт. Сол кезде мен өз еңбегімнің бағасын сезінемін. Бір жылы сөз, бір мейірімді көзқарас, бір сенімге толы әңгіме – баланың өмірінде үлкен өзгеріс тудыруы мүмкін.

Бұл мамандық мені шыдамдылыққа, түсіністікке және адамға деген құрметке үйретті. Кейде мен баланың қуанышын өз қуанышымдай сезінемін, кейде оның қайғысын бірге көтеремін. Себебі нағыз педагог-психолог болу – рухани жауапкершілікті, жан жылуды және шынайы мейірімді талап етеді.

Мен өз мамандығымды шексіз сүйемін. Бұл жол өмірлік бағытымды айқындап, мені адам ретінде де өсірді. Педагог-психолог болу – адамдарға сенім сыйлау, үміт отын жағу, өмірге жарық тарату.

ТОҚТАР МЕРУЕРТ

### Құрметті студенттер!

**«Мен – педагогпын» тақырыбындағы эсселеріңізден сіздердің мамандыққа деген шынайы қызығушылықтарыңыз бен жауапкершіліктеріңіз айқын көрінді. Әрқайсыңыз педагог пен педагог-психологтың маңызын терең түсініп, бала жүрегіне жол табуды, қолдау көрсетуді, бағыт беруді басты міндет деп қабылдадыңыздар.**

**Эсселерден мейірім, адамгершілік, ізденіс, жаңашылдыққа ұмтылу сияқты болашақ маманға қажет қасиеттер анық байқалады. Бұл — сендердің дұрыс жолда екендеріңнің белгісі.**

**Барлықтарыңызға алдағы кәсіби өсуде табыс тілеймін. Болашақта жақсы ұстаз болып қалыптасатындарыңа сенемін.**

Хапиза НАУБАЕВА,  
психология ғылымдарының докторы,  
қауымдастырылған профессор, оқытушы.

Еркебұлан НЕМЕЛБАЕВ,  
теолог.

# ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ ЖАҢҒЫРУЫ



І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде «Өзгермелі парадигмалар тұсындағы құндылықтар: XXI ғасырдағы тұлға, қоғам және өркениет бағдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференция жұмысына қазақстандық және шетелдің жоғары оқу орындарының ғалымдары мен оқытушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, Жетісу облысы әкімінің орынбасары М.Көлбаев, облыстық мәслихат төрайымы Г.Тойлыбаева қатысты.

Пленарлық мәжілісті Басқарма төрағасы – ректор, заң ғылымдарының докторы, профессор Ермек Бөрібаев ашып аталған конференцияның ғылыми және қоғамдық маңызына тоқталды.

«Жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллект тұсындағы құндылықтар трансформациясын зерттеу аса маңызды. Бүгінгі конференцияда құндылықтар талдауға, салыстыруға және эмпирикалық тұрғыда тексеруге болатын динамикалық құбылыс ретінде қарастырылады»-деді Е.Бөрібаев.

Жетісу университеті ұйымдастырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек арнайы Алғы сөз жолдады. Онда министр конференция қатысушыларын құттықтай отырып, «Құндылықтар жүйесінің трансформациясы, жаһандандыру мен цифрландыру қоғамның рухани-адамгершілік даму бағыттарын айқындау - қазіргі мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі. Бұл конференция өзгермелі әлеуметтік, мәдени және технологиялық ортада құндылық бағдарларын жаңаша пайымдаудың

өзектілігін танытатын ғылыми диалог алаңы ретінде құндылық саясатын жаңаша дамытуға үлес қосады деп сенемін»-деді.

Пленарлық мәжілісте философия ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-зерттеушісі А.Кулсариева, ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері,

ғылыми баяндамасын ұсынды. Философия ғалымдары Ә.Құранбек Р4С жаһандық қозғалысы және қазақстандық зерттеулер мен ізденістер, Н.Байтенова XXI ғасырдағы жаһандық турбуленттілік жағдайында құндылық парадигмаларының трансформациясының философиялық негіздері, А.Құрманалиева Тілдік негіздегі ұлттық біртұтастық: мультимедиа медиакөністіктің қазақ балаларының тілдік машықтарына ықпалы тақырыбында өз ойларын ортаға салды. Қазақстанның Құрметті жазушысы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Бүкіләлемдік Шыңғысхан Академиясының академигі

көзқарасты ұстануы тиіс,-деді.

Конференцияның секциялық мәжілісі «Құндылықтарды зерттеудің философиялық негіздері мен әдіснамасы», «Цифрландыру мен жасанды интеллект (ЖИ) жағдайындағы тұлға құндылықтары сынақ әрі мүмкіндік ретінде», «Қоғам және құндылықтар: дәстүр және жаңғыру», «Мәдениетаралық коммуникация және өркениеттер диалогы», «Әдебиет пен өнер құндылықтарды сақтаушы ретінде», «XXI ғасырдың құндылық бағдары аясындағы білім мен тәрбие» бағыттары бойынша өтті.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ғалымдар үшін XXI ғасырда адамның тұлғалық дамуы, қоғамдық институттардың тұрақтылығы және өркениеттік прогрестің үйлесімді траекторияларын талқылау, сондай-ақ гуманитарлық, әлеуметтік, мәдени және философиялық салалардағы ғылыми пікір алмасу алаңы болды.

Конференция соңында А.Кулсариева мен Е.Бөрібаевтың редакторлығымен жарық көрген «Парадигмы ценностных установок и ценностного сознания в казахстанском обществе: тренды, динамика, перспективы» ұжымдық монографияның тұсаукесері өтті.

Еліміздің Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған шара ҚР ҒЖБМ қаржыландыратын «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы және трансформациясы» атты бағдарламасын іске асыру аясында өтті.



философия ғылымдарының докторы, профессор Н.Сейтахметова баяндама жасады. Баяндамашылар қоғамдық құндылықтардың үдемелі трансформациясы жағдайында тұлғаның дамуына ықпал ететін жаңа бағыттарды айқындау мәселесін көтерді. Ресейлік ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор А. Колесников мәдениетаралық философия жайында ой қозғады. әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ғалымы, қауымдастырылған профессор Б. Мейрбаев «XXI ғасырдағы құндылықтардың трансформациясы: адам философиясы және гуманизм негіздері» тақырыбында мазмұнды баяндама оқыды. Қ.Қарасаев атындағы Бішкек мемлекеттік университетінің профессоры Г.Ботоканова заманауи қиындықтар мен дәстүрлі мәдениет тұрғысындағы

Ә.Әрін маңызды баяндама жасады. Ол: Қазақ халқының тарихын зерттеу – ұлттың рухани тамырын танудың, мәдени болмысын сақтаудың маңызды жолы. Бұл жолда тарихи деректерді ғылыми негізде талдап, ауызша және жазбаша мұраларды салыстыра отырып, шынайы қорытынды жасау қажет. Тарихты бұрмаламай жеткізу – өткенге құрмет, болашаққа аманат. Сондықтан әр зерттеуші мен әрбір азамат тарихи фактілердің дәлдігіне мән беріп, идеологиялық не субъективті көзқарастардан ада, әділ әрі ақиқат



## «ZHANSUGUROV COLLEGE» КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК БИГІНДЕ

«WorldSkills Kazakhstan - 2025» чемпионатында Бастауыш сыныптарда оқыту құзыреттілігі бойынша І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Zhansugurov college» жыл сайын тұрақты жоғары нәтижеге қол жеткізіп келемін.

Елімізде техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау – мемлекеттік маңызы бар басым бағыттардың бірі. Осы мақсатта ұйымдастырылатын «WorldSkills Kazakhstan» республикалық кәсіби шеберлік чемпионаты жас мамандардың кәсіби әлеуетін айқындайтын беделді алаң саналады.

«WorldSkills Kazakhstan 2025» чемпионатында колледж атынан қатысқан білім алушы Арайлым Қасыбек «Бастауыш сыныптарда оқыту» құзыреттілігі бойынша «Үздік маман» медальонын иеленді. Бұл – қатысушының

кәсіби дайындығы мен педагогикалық әлеуетінің жоғары екенін дәлелдейтін маңызды жетістік.

Чемпионат барысында қатысушылар бастауыш білім беру саласына қатысты практикалық тапсырмаларды орындап, әдістемелік сауаттылығы мен заманауи педагогикалық технологияларды қолдану деңгейін көрсетті. Осындай жоғары талап қойылған бәсекеде Арайлым Қасымбек өз білімін, кәсіби біліктілігін және жауапкершілігін толық дәлелдей алды.

Жеңіске жету жолында білім алушыға кәсіби қолдау көрсеткен жетекші – Сания Арчабаева. Ол шәкіртін байқауға дайындауда әдістемелік нақтылық пен талапшылдық танытып, нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізді. Ал чемпионат барысында командалық жұмысты үйлестіріп, қатысушының сенімді өнер көрсетуіне жағдай жасаған Team Leader –

Арай Жәркенова жоғары ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленді. Ұстаз, білім алушы және team leader арасындағы үйлесімді жұмыс нақты нәтиже берді.

Айта кетерлігі, «Zhansugurov college» WorldSkills Kazakhstan чемпионатына соңғы бес жыл қатарынан тұрақты түрде қатысып келеді. Осы уақыт аралығында колледж қатысушылары әр жыл сайын жүлделі орындар мен марапаттарға ие болып, оқу орнының кәсіби білім беру саласындағы әлеуетін айқын көрсетіп отыр.

Колледжде білім беру үдерісі WorldSkills стандарттарына сәйкес ұйымдастырылған. Материалдық-техникалық базаның кезең-кезеңімен жаңартылуы, тәжірибеге бағытталған оқыту жүйесі, педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға басымдық берілуі – жетістіктің негізгі факторларының бірі.

«Бастауыш сыныптарда оқыту»

құзыреттілігі – ерекше жауапкершілікті талап ететін бағыт. Себебі бастауыш сынып мұғалімі баланың тұлғалық дамуы мен білімге деген алғашқы қызығушылығын қалыптастырады. Осы бағытта жоғары нәтиже көрсету – болашақ педагогтың кәсіби дайындығының айқын көрсеткіші.

«WorldSkills Kazakhstan - 2025» чемпионатындағы бұл «Zhansugurov college» ұжымының жүйелі еңбегінің, кәсіби бірлігінің және сапалы білім беруге бағытталған тұрақты жұмысының нәтижесі. Бұл жеңіс оқу орнының имиджін нығайтып қана қоймай, алдағы жаңа жетістіктерге жол ашады.

**Арай ЖӘРКЕНОВА,**  
**Сания АРЧАБАЕВА**  
 «Zhansugurov College»  
 оқытушылары.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

Бас редактор: Б. Шаянбаева  
 Редактор: А.Иебекова  
 Дизайнер: Б.Таубалды

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті Байланыс және Имидждік саясат орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**  
 Талдықорған қаласы,  
 Жансүгіров көшесі, 187 а.  
 Байланыс телефоны: 11-72

Индекс 64568